

Кімге: Қазақстан Республикасы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл басшысы

Автордың аты-жөні және лауазымы: «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ бас маманы – Бактыбаева Арайлым Нуртазиновна.

Күні: 25.04.2025ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Отбасында баланы тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі».

Кілт сөздер: бала тәрбиесі, әлеуметтік қолдау, ата-ана, бала.

Кіріспе

Бала тәрбиесі - қоғамның ең маңызды мәселелерінің бірі. Тұлғаның қалыптасуы ең алдымен отбасында басталады. Бұл тұрғыда ата-ананың рөлі ерекше, олар – алғашқы тәрбиеші, жол көрсетуші, өмірлік үлгі.

Негізгі бөлім

Ата-ананың махаббаты мен қолдауы баланың психологиялық тұрақтылығына ықпал етеді. Әкесі мен анасының арасындағы өзара силастық-баланың қарым-қатынас үлгісі. Сонымен қатар, ата-ананың тәртібі, әдеттері балаға тікелей әсер етеді.

Мысалы, ата-ана өзара түсіністікпен сөйлессе, бала да сабырлы, тіл табысуға бейім болып өседі. Ал үнемі дау-дамай ортасында өскен балада агрессия немесе тұйықтық дамуы мүмкін. Осылайша, ата-ананың тәрбиелік үлгісі баланың мінезі мен болашағына ықпал етеді.

Сондай-ақ, баламен ашық сөйлесу, оның пікірін тыңдау – сенімді қарым-қатынас орнатуға себеп. Керісінше, қысым мен жазалау баланың қорқыныш, сенімсіздік сияқты сезімдерін тудырады [1].

Ұлытау облысы бойынша отбасылардың саны

2025 жылғы 01 қаңтардағы мәліметі бойынша, Ұлытау облысында 41 429 отбасы тіркелген.

Облыстың жалпы халқы 221,3 мың адамды құрайды, оның ішінде 79,4% қалада, 20,6 % ауылдық жерлерде тұрады [2].

Қиындықтар мен сын-қатерлер:

1. Уақыт тапшылығы. Ата-аналардың жұмысбастылығы баламен сапалы уақыт өткізуге мүмкіндік бермейді. Баланың тәрбиесі балабақша, мектеп, гаджетке "жүктеліп" кетеді.

2. Сандық технологияның әсері. Смартфон, интернет, әлеуметтік желілердің балаға ерте әсер етуі. Онлайн өмірдің шынайы қарым-қатынас пен тәрбиеге кедергі келтіруі.

3. Батыс мәдениетінің әсері. Ұлттық құндылықтардың екінші орынға ысырылуы. Тәрбиеде шетелдік трендтер мен үлгілерді ойланбай қолдану.

4. Қаржылық қиындықтар. Материалдық жағдайдың әлсіздігі – тәрбиелік ресурстарды шектеуі мүмкін. Балаға білім беру, үйірмеге қатыстыру, демалыс ұйымдастыру қиынға соғады.

5. Ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік. Әсіресе жасөспірімдік шақта бала мен ата-ананың тіл табысуы қиындайды. Қатал тәртіп пен ашық диалогтың тепе-теңдігін таба алмау.

6. Толық емес отбасы мәселелері. Жалғызбасты ана немесе әкенің жағдайы. Балада толық отбасылық модельдің болмауы оның мінез-құлқына әсер етуі мүмкін.

7. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың әлсіздігі. Кейбір ата-аналар баланың оқу-тәрбиесіне араласпайды немесе мектеппен байланысы нашар [3].

Мүмкіндіктер мен даму сценарийлері:

1. Тұлғаны ерте қалыптастыруға ықпал ету. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы. Тұлғалық қасиеттер (тәртіп, еңбекқорлық, әдеп, тіл мәдениеті) ең алдымен үйде қалыптасады.

2. Құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Ата-ананың сөзінен емес, ісінен үйрену арқылы балада адалдық, сабырлылық, жауапкершілік сияқты қасиеттер орнығады.

3. Эмоционалдық қауіпсіздік пен махаббат ортасы. Отбасындағы қолдау, түсіністік, сенім – баланың психологиялық тұрақтылығына негіз болады.

4. Тәрбие мен білім беруді үйлестіру мүмкіндігі. Ата-ана мектеппен тығыз байланыс орнатып, баланың оқуына жан-жақты ықпал ете алады.

5. Жеке ерекшеліктерді ескере отырып тәрбие беру. Әр баланың темпераментіне, қызығушылығына қарай икемді, дараланған тәрбие қолдануға болады.

6. Саналы ата-аналық мәдениетті қалыптастыру. Ата-аналарға арналған курстар, вебинарлар, тренингтер арқылы тәрбиелік сауаттылықты арттыру. Баламен дұрыс қарым-қатынас орнату әдістерін үйрету.

7. Ұлттық тәрбие мен заманауи әдістердің үйлесімі. Қазақы болмысты сақтай отырып, әлемдік тәрбиелік тәжірибелерді енгізу (эмоционалдық интеллект, soft skills, критикалық ойлау).

8. Сандық технологияны дұрыс пайдалану. Бала тәрбиесінде гаджеттерді шектеу емес, сауатты қолдану: білім беру платформалары, онлайн оқыту құралдары.

9. Отбасылық құндылықтарды жаңғырту. Бірге уақыт өткізу (отбасылық кештер, әңгіме-дүкен, ұлттық ойындар). Ұрпақтар сабақтастығы: ата-әже тәрбиесінің ықпалын арттыру.

10. Мемлекет пен қоғам қолдауы. Отбасылық институтты қолдайтын бағдарламалар. Әлеуметтік жағдайы төмен, жалғызбасты ата-аналарға қолдау көрсету [4].

Халықаралық тәжірибе

Францияда баланы еркелетпей, бірақ сабырмен тәрбиелейді. Жапонияда баланы кішкентай кезінен үлкенге құрмет көрсетуге, сабырлық пен еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Швецияда тәрбие стилі демократиялық еркіндікке негізделген. Баланы ұру немесе қорқыту заңмен қатаң тыйым салынған (1979 жылдан бастап) Бала тәрбиесінде ең маңыздысы - махаббат, түсіністік және жауапкершілік. Әр елдің тәрбие стилінен жақсы жақтарын алып, оны ұлттық дәстүрімізбен үйлестіре отырып қолдану – тиімді жол [5].

Қорытынды

Отбасы - баланың алғашқы мектебі. Ал ата-ана – сол мектептің жетекшісі. Сондықтан әрбір ата-ана өз рөлін түсініп, баланың болашағы үшін саналы тәрбиені басты орынға қоюы тиіс. Сондықтан ата-аналар өздерінің тәрбие стилін, эмоционалдық қолдауын және білім беру процесіне қатысуын саналы түрде ұйымдастыруы қажет.

Ұсынымдар

1. Баламен сенімді қарым-қатынас орнату - оның ойын тыңдап, пікіріне құрметпен қарау;
2. Күнделікті тәрбиеде махаббат пен түсіністік таныту – бұл баланың эмоциялық тұрақтылығын арттырады;
3. Баланың құқықтарын қорғау механизмдерін нығайту, отбасындағы зорлық-зомбылықты болдырмау шараларын күшейту.
4. Ата-аналарға арналған психологиялық кеңес беру орталықтарын көбейту.
5. Білім беру мекемелерінде ата-аналармен жұмыс жүргізетін арнайы бағдарламалар енгізу.
6. Ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.
7. Швеция, Жапония сияқты елдердің бала тәрбиесіндегі тиімді тәжірибелерін зерттеп, ұлттық менталитетке сай бейімдеу.
8. Ұлттық тәрбиелік құндылықтарды жандандыру [6].

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Verywell Mind: www.verywellmind.com/what-is-authoritative-parenting-2794956.
2. Question AI: www.questionai.com/essays-eaYvNyCCXd1/role-parental-involvement-academic-success.
3. Wikipediaen.wikipedia.org/wiki/Temporary_Assistance_for_Needy_Families
4. Adilet: www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001231.
5. National Statistics Office: stat.gov.kz/region/ulytau.
6. Paths To Progress Rhode Island: www.pathstoprogressri.com/canada-cra-parental-benefits-in-2025-eligibility-amounts-and-payment-dates.